

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 684 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, жер комиссиясының 2022 жылғы 24 ақпандағы № 817 қорытындысы, "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 273, 274, 275 бұйрықтарымен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Универсалстрой К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне осы қаулының қосымшасына сәйкес объектілер бойынша жер учаскелеріне қауымдық сервитуттар белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2022 жылғы 12 сәуірдегі

№ 684 қаулысына

қосымша

"Универсалстрой К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

1) Қостанай қ, 8 шағын ауданы, В. Интернационалистов көшесі мекенжайы бойынша орналасқан жалпы алаңы 0,0038 гектар, су құбырының сыртқы желілері "Қостанай қаласының 8 шағын ауданындағы көп қабатты тұрғын үй" объектісіне арналған инженерлік-коммуникациялық желілер мен жүйелерді салу үшін;

2) Қостанай қ, 8 шағын ауданы, В. Интернационалистов көшесі мекенжайы бойынша орналасқан жалпы алаңы 0,0105 гектар, канализацияның сыртқы желілері "

Қостанай қаласының 8 шағын ауданындағы көп қабатты тұрғын үй" объектісіне арналған инженерлік-коммуникациялық желілер мен жүйелерді салу үшін;

3) Қостанай қ, 8 шағын ауданы, В. Интернационалистов көшесі мекенжайы бойынша орналасқан жалпы алаңы 0,0030 гектар, жылумен жабдықтаудың сыртқы желілері "Қостанай қаласының 8 шағын ауданындағы көп қабатты тұрғын үй" объектісіне арналған инженерлік-коммуникациялық желілер мен жүйелерді салу үшін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК